



**ИСЛАМ
МӘДЕНИЙЕТИ**

Mazhab.ru

- **Ислам мәдениеті** — зайырлы академиктердің арасында тарихи мұсылман саналатын халықтарға ортақ мәдениетті сипаттауға қолданылатын термин. Бастапқыда Ислам діні тарала басталғанда негізінен араб мәдениетінің әсерінде болып, артынан Ислам дінін басқа халықтардың қабылдауына байланысты сол халықтардың мәдениетіне әсер етіп, солармен ассимиляцияға ұшырайды.

АРХИТЕКТУРА



- **Рази стилі** (شیوه معماری رازی) – [Иран сәулет](#) өнерінің төртінші стилі болып табылады. Ол өзіне дейінгі стильдердің жақсы ерекшеліктерін жоғары дәрежеде бойына жинаған. Рази сәулет стилінде Парсы стилінің сыртқы салтанатының көріністері, Парты стилінің ұлылығы және Хорасан стилінің нәзіктігі тоғысқан. Бұл стильдің бастамасы Иранның солтүстігінен басталса да, [Рейкаласында](#) дамыды. Сол себептен оны "Рази" стилі деп атайды.

ИСЛАМ МАДЕНИЕТІНИН ӨНЕРЫ

- Үнді сәулет өнерінің одан бұрынғы даму тарихы үшін әдеттен тыс ерекше, осы кезде Үндістанда мұсылман дінінің қажеттіліктеріне байланысты дүниеге келген сәулет құрылысы түрлеріне қысқаша тоқтала кетелік. Бұл ретте бірінші орынды мешіт (мазджид) алуға тиіс. Ол бағаналар орнатылып, бірнеше дарбазалы галерея-аркадамен (ливан) қоршалған ауладан (сахи) тұрады. Бұл ғимараттың басты бөліктері — колонналар ұстап тұрған неф пен намаз оқуға арналған қуыстары (михраб) бар күмбезбен (максра) жабылған орталық зал және кафедрадан (мимбар) тұрады.

МЕЙРАМДАРЫ

- **Құрбан айт** (Арабтілі: عيد الأضحى 'Īd ul-'Aḍḥā, Урдутілі: بقر عيد) – мұсылмандардың ең қасиетті мерекесі. Ол «оразаайттан» кейін 70 күннен соң басталып, 3 күнге созылады. Бұл күндер Ұлы Меккеге қажылықпен аяқталады. Айт күндері Аллаһқа арнап құрбандық шалады, мал сояды (жылқыдан басқа). Бұл мұсылмандардың негізгі міндеттерінің бірі. [1]

ОРАЗА АЙТ

- **Ораза айт** (араб.: عيد الفطر — 'ид әл-фитр) — ораза ұсталатын Рамазан айынан кейінгі Шәууәлайының бірінші күні, мұсылмандардың маңызды діни мейрамы. Исламдағы екі айт мейрамының бірі. Бұл күні мұсылмандар мешітте жиналып жамағатпен айтнамазын оқиды. Ораза ұстауға тыйым салынған күн^[1].

- «Ислам мәдениеті» деген терминде әу бастан-ақ қарама қайшылық бар, себебі мұсылмандар жердің әр бөлігінде өмір сүріп, олардың арасында үлкен айырмашылық байқалады. Негізінде мұсылман ғалымдары «мәдениет» деген ұғымды қоданбаған және бұл термин батыс философиясының әсерінен пайда болған. Қазіргі кезге шейін «Ислам мәдениеті» деген терминнің белгілі шектеуі мен анықтамасы жоқ. Кейбір ойшылдар бұл терминді «Ислам үмметінің халін бұрын және қазіргі таңда болып жатқан діни, тарихи, тілдік, мәдени қарым-қатынастары арқылы және алға қойған мақсаттары мен құндылықтары арқылы тану», — деп анықтама береді^[1]. Кейбіреулер Ислам мәдениеті деп «мұсылман үмметі мен Ислам дінінің негіздерімен байланысты осы заман мәселелерін тану» — деп түсіндіреді^[1]. Басқалар «Исламның жүйесін, құндылықтарын, ойын жалпылай зерттейтін және осыларға әсер еткен адамдардың мұрасын жоққа шығаратын ғылым» — деп жалпы анықтама береді^[2].